



# SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №13 (9567) 29 наурыз 2024 ж.

## Президент тапсырмасы:



Елімізде жол және құрылыс техникасын, энергетика саласына, суару жүйесіне қажетті құрал-жабдықтар мен басқа да көптеген дайын өнім шығаруға болады. Мұндай өндірістерді қазірден бастап қолға алмасақ, құрал-жабдық импортына толық тәуелді болып қалуымыз әбден мүмкін.



Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады.

Сондай-ақ минералды тыңайтқыш себүді ғылыми негізі бар қажеттіліктің тым болмағанда жартысына жеткізуге мүмкіндік береді. Бір гектар жерден 10 центнер өнім алу – еліміз үшін мақтанатын көрсеткіш емес.



Сонымен қатар әкімдер қаланы абаттандыру жұмыстарын белсенді қолға алып, оның ластануына жол бермеуі қажет.

Ең алдымен, ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу керек. Ол үшін инвестор тарту маңызды. Сондай-ақ, көгалдандыру ісімен айналысу қажет.



Электр қуаты, жылу, су, жалпы тиімді коммуналдық шаруашылық – басты игілігіміз. Оның қолжетімді болуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Бұл – саладағы қордаланған барлық мәселені кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік беретін маңызды әрі кешенді реформа".

## Табиғатпен тамырласқан мереке

Мерекелік жиында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев өңір тұрғындарын Наурыз мейрамымен құттықтап, жаңа табыстар тіледі.

-Наурыз - күн мен түннің теңеліп, тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп, табиғатқа нәр беріп, адамзат баласына қуаныш, шаттық ала келетін көктемнің берекелі мерекесі. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелген. Халқымызға - ынтымақ, елімізге молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін,- деді Ғалымжан Қанатұлы.

Орталық алаң ортасында құрылған сахнада аудандық мәдениет үйі өнерпаздары ән мен жырдан шашу шашып, театрландырылған көріністер қойып, концерттік бағдарламасын ұсынып халықтың ықыласы мен қошаметіне бөленді.



**Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі саялы Сарқан ауданында жылдағыдан жоғары деңгейде әрі барша сән-салтанатымен өткізілді. Бірер күннен бері тұнжырап тұрған аспан да ашылды. Аудан халқы бір адамдай белсенділік танытып Наурыз мейрамын көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды.**



Қой көтеруден Абай Құрмансейітовке тең келер жан болмаса, бір тасын көтеруден 1 орынды А. Туркебаев, 2 орынды Б. Қасенов, тиісінше 3 орынды А. Құрмансейітов еншіледі. Нәзік жандылар арасындағы қолкүресте 1 орынды Б. Абзалбекова, 2 орынды Н.Түсіпбекова, 3 орынды С. Кабденова қанағат тұтты. Ерлер арасындағы қолкүрес сайысынан 1 орынға С. Нұрахмет ие болса, 2 орынды И. Жұманов алса, ал 3 орыннан Б. Мухамадиев көрінді. Асық атудан

Арнайы құрылған шатырларда жайылған 200 метрлік дастархан басында тұрғындар бас қосып, бір-бірін мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп наурыз көжеден дәм татты.

Мереке аясында аудандық бұқаралық-спорттық іс шараларды ұйымдастыру орталығының әзірлеуімен спорттық шаралар өтіп, мейрамның шырайын одан әрі аша түсті.



Н. Азимхан, А. Сәрсенбай, Н. Алимхан қатарластарынан озық болды. Қазақша күрестен Д. Аким 1 орын алса, Б. Даниярұлы 2 орын еншіледі. 3 орын М. Жұмабекке бұйырды. Шағын футболдан "Sarkan arena" кешенінде болған жарыста жүлделі 1 орынды Сарқан қаласы жеңіп алса, 2 орынды Қарабөгет ауылы еншіледі. Ал Алмалы ауылы 3 орынға табан тіреді.

Жеңімпаздар жарыс демеушілері дайындаған бағалы сыйлықтарға ие болып, көңілдері марқайды.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**



## Үнқосу

«Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады.»

Рас, Елтаңбамыз өзінің құрылымы жағынан өте күрделі. Ондағы 41 элемент осы сөзіме айғақ. Халық айтса қалт айтпайды. Келісіп пішкен тонның кепте болмайтындығын ескере отырып, бұл мәселеде ортақ келісімге келуге болады деп ойлаймын. Осы орайда айта кетер тағы бір дүние кейбір азаматтар Әнұранның бұрынғы мәтіні қалпына келтірілсе деген сарындағы пікірлерін білдіруде. Өйткені алғашқы мәтіндегі ұйқас та, мағына да орынды болатын. Бұны да ескерген дұрыс.

«Келесі мәселе. Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Мен былтырғы Құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қадам бүгінде сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін.»

Өкінішке орай бұл кесел біздің ауданды да айналып өтпеді. Оқушылардың, студенттердің вейптерді қолдануды сән санап, өз денсаулықтарына орны толмас зиян келтіріп жатқандығы бармақ тістетеді. Өзіндік ойы, дүниетанымы қалыптаспаған, жақсы мен жаманды ажырата алмайтын жасөспірімді жаман әдеттерден сақтандыра білу, денсаулыққа зиянын ұғындыра білу мына сіз бен біздің ортақ жауапкершілігіміз. Ұлттың саулығы қашанда күн тәртібіндегі бірінші мәселе. Ата-аналар жиналысында мұғалімдердің дабыл қағып, талай мәрте аталған құрылғыны білімгерлерден жинап алғандығына куә болдық. Енді міне, Президент пәрменімен арнайы заң әзірленіп, кеселдің тамырына балта шабылмақ. Құптарлық, қуанарлық жайт.

«Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Өкінішке қарай, қоғамдық мүліктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бұрабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпір-тасты қаранғыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы

# Ұлттық Құрылтай ұлағаты

Жақында Мемлекет басшысы Жұмағалиұлы Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Толғақты түйіндер тарқатылып, еліміздің ертеңіне қатысты келелі ойлар кеңінен сөз болған осы жолғы құрылтай «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атауы аясында өтіп, еңбек адамының рөлі айрықша атап көрсетілді.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналуының басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек, деп Қасым-Жомарт Кемелұлы осындай асыл қасиеттерді дәріптеудің ұрпақ тәрбиесіндегі айрықша орнын атап өтті. Жақсы дәстүрге айналған басқосу барысында Президентіміз елдік мүддені көздеген пайымды пікір, оралымды ой айтты. Әсіресе Қасым-Жомарт Кемелұлының мемлекеттік тілге деген құрметті арттыруға, кітапхана ісін өркендетуге, еліміздің өткені таңбаланған тамырлы тарихымызды дәріптеуге, мәдениетіміз бен әдебиетімізді, ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға, сонымен қатар қоғамдағы түрлі рухани келеңсіздіктердің алдын алуға, экономикамызды түлетуге қатысты тың ойларымен бөлісті. Болашағымызды баянды ететін нақты мақсаттар межеленген Ұлттық құрылтайдың мәртебесі жыл өткен сайын биіктеп барады. Біз де өз кезегімізде Мемлекет басшысы айшықтаған осынау маңызды міндеттер аясында жұмыс жасауымыз керек. Сонымен қандай мәселелер көтерілді. Жеке - жеке тоқталып, тарқатсақ.

ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек.»

Бұл өте орынды айтылған сын. Себебі біздің ауданда да жаңадан қойылған аялдамаларды, көпшілік орындардағы орындықтарды, шамдарды, спорттық құрал-жабдықтарды, қоқыс жәшіктерін қирату, сындыру секілді жағымсыз құбылыстар орын алды. Күні кеше ғана орнатылған жаңа дүниелердің ертеңінде қирап, сынып жатқандығын көргенде жүрегің ауырады. Санасыздардың осынау тірлігіне миың жетпейді. Шаңыраққа құрметті қонақ келгенде «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп мақтана көрсететін көркем дүниелердің күлін көкке ұшыратындар жазасыз қалмауы тиіс. Жергілікті құқық қорғау органдары бұзақыларды анықтап жазалар, жазалап та жатыр. Дейтұрғанмен санамызды сілкімей, өркениетке ұмтылған туған жерге, елге, ортақ мүлікке деген жанашырлық сезімі оянбай аталмыш мәселе түбегейлі шешімін таба алмасы анық.

«Келесі түйткіл – ысырапшылдық. Шын мәнінде, ырыстың бастауы – үнемшілдік. Дамыған елдерде жарық пен суға дейін үнемдеп пайдалану жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениетке айналған. Ал бізде бұған мүлде кереғар жағдай қалыптасқан. Миллиондаған адамның ысырапшылдығы бүкіл елдің байлығын желге ұшырады. Мысалы, су мәселесі. Бізде суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ. Оны ашық мойындауымыз керек. Ал су болашақтың байлығы екенін бүкіл әлем мойындайды.»

Өкінішке қарай ысырапшылдық



етуде. Кіндік қаны тамған жерге деген перзенттік парызын нақты іспен дәлелдеп жүрген мұндай атпал азаматтар көптеп саналады.

«Тағы бір іргелі құндылық – бірлік және ынтымақ. Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта.»

Біздің ауданда соңғы санақ бойынша 16 ұлт пен ұлыс өкілдері татутәтті ғұмыр кешуде. Қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, беларус, шешен және т.б. ұлттар ауыл-аймақтарда, сан түрлі салаларда ынтымақтаса, қоян-қолтық еңбек етіп, береке мен бірлікті ту етуде. Көптеген ұлттық, мәдени, қоғамдық ұйымдар құрылып, ел бірлігін еселеуге ат салысып жатыр. Шындығына келгенде біздің бірлігіміз әралуандығымызда. Ортақ отанымыз – Қазақстанның өркендеп, дамуы барлығымыздың, ұлтымызға, діни наным-сенімімізге қарамай басты тілегіміз деп батыл айта аламын. Әсіресе қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде ауызбіршілік өте-мөте қажет-ақ.

«Келесі маңызды құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. «Туған жерге туың тік» дейді халқымыз.»

Сарқан ауданы ұлтымыздың мақтаншына айналған бірегей тұлғалардан кенде емес. Ал сол тау тұлғалардың болмысын биіктетіп, талантын даралап тұрған ол еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік деуге болады. Мәдениетте, өнерде, білім мен денсаулық сақтау, бизнес салаларында биік белестерді бағындырған айтулы азаматтар түлеп ұшқан өңірінде үнемі үлкен істерге демушілік танытып, ел алғысын арқалап келеді. 60 млн теңгеге гемодиализ орталығын ашып беріп, талай науқас жандардың ризашылығына бөленген бір жерлесіміздің ісі ғана айтар сөзімізге жарқын мысал. Ауылына қарап азаматын танитын мұндай тұлғалар біздің өңірдің мақтаншысы.

Сондай-ақ әрбір құрылтай кезекті бір кездесу емес, әрбір жиыннан қорытынды шығарылып, алдыға нақты міндеттер қойылатындығы Ұлттық құрылтайдың әлеуетін арттырып, мән-маңызын айшықтай түсетіндей. Келесі келелі отырыс тағы бір киелі қоныс – Көкшетауда өтетін болды. Көкше баурайында да елдікті ту еткен ерекше мәселелер көтеріліп, ұлтымыздың ертеңі үшін ілкімді істердің негізі қаланады деген сенім зор, үмітіміз басым!

Партия ЖЕҢІСХАН.



# Көлік өртінің негізгі себептері

Бүгінгі таңда әр адамның жеке көлігі бар, бірақ автомобиль жоғары қауіпті көзі екенін ұмытпаңыз. Айта кету керек, қазіргі заманғы автомобильдер отқа төзімді емес және бірнеше минут ішінде толығымен күйіп кетуі мүмкін. Автомобиль-бұл қазіргі заманғы адамның техникалық сипаттамалары бойынша күрделі, механикалық бөлшектермен ғана емес, сонымен қатар көптеген электроника мен сымдармен жабдықталған көлік құралы. Шын мәнінде, автомобильде өрттің пайда болу себептері өте көп, бірақ, әдетте, адам факторы кінәлі.

## Себептері:

1. Өндірушінің қатесі. Бұл себеп жиі емес, бірақ соған қарамастан, ол орын алады және біз білетіндей техника әрқашан сенімді бола бермейді. Әрине, сіз осы немесе басқа өндірушінің жаңа автомобильдердің партиясын қалай шақыратыны және ақауларды жойғанға дейін өндірістен қалай шығаратыны туралы бірнеше рет естіген боларсыз.

2. ТҚ үшін бақылаудың болмауы. Тағы бір жиі кездесетін себеп-иесінің автомобильдің дұрыс техникалық жағдайын бақылаудың болмауы, техникалық тексеру мен техникалық қызмет көрсетудің уақтылы жүргізілмеуі.

3. Қозғалтқыштың қызып кетуі. Жоғарыда айтылғандай, бұл себеп автомобильдің жағдайын бақылаудың болмауынан туындайды, қозғалтқыш өте жоғары температураға дейін жылынуға қабілетті, ал капот астындағы кеңістікте май мен электр сымдарының болуы жану ықтималдығын арттырады.

4. Электр жүйесіндегі ақаулық. Автомобильдегі электр ақауының жағдайы - жанудың ең көп таралған себептерінің бірі.

5. Кедергіге немесе басқа көлікке соқтығысу. Жол-көлік оқиғасы кезінде жану үшін тамаша жағдайлар жасалады. Қатты соққыдан жанармай құю және ұшқын пайда болуы мүмкін.

6. Өртеу. Мүмкін, бұл жүргізуші

автомобильдің жағдайын қадағалап отырма, жоқ па, маңызды емес себептердің бірі.

7. Айналатын жанғыш сұйықтықтармен қосылыстардың герметикалығы мен бүлінбеуі. Автомобильде белгілі болғандай, қауіпті сұйықтықтар-бұл бензин мен дизель отыны ғана емес, сонымен қатар қозғалтқышқа айналатын май, трансмиссиядағы сұйықтық, егер жүйелердің кем дегенде біреуі зақымдалған болса, қайтымсыз тізбекті реакция басталуы мүмкін.

8. Жанармай жүйесінің ағуы. Мүмкін, бұл бүгінгі күні өрттің ең көп тараған түрі. Жанармай жүйесінде бензиннің көп мөлшерде булануы мүмкін негізгі себептері, сонымен қатар будың тұтануы үшін кішкене ұшқын жеткілікті.

## Е.ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау лейтенанты.

# Өрт қауіпсіздігі шаралары

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Өрт қауіпсіздігі өрттің алдын алу шаралары мен және белсенді өрт қорғанысымен қамтамасыз етіледі. Өрттің алдын алу болып өртті болдырмау немесе оның салдарын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені саналады. Белсенді өрт қорғанысы – бұл өрт немесе жарылысқа қауіпті жағдайларымен белсенді күресуді қамтамасыз ету шаралары.

Егер Сізде немесе көршілеріңізде өрт орын алған болса, өртке қарсы қызметті шақырыңыз. Диспетчерге келесі ақпаратты хабарлауға дайын болыңыз:

нақты мекенжайы (көше атауы, үй нөмірі, кіреберіс, қабат);

өрт ошағының орны (пәтер, дәліз, жертеле, шатыр);

егер жағдай мен уақыт мүмкіндік берсе, кім қоңырау шалып жатқанын, телефон нөмірін атаңыз және диспетчердің сұрақтарына жауап беріңіз;

егер жараланғандар мен зардап шеккендер болса, олардың саны мен алған жарақаттарының сипатын атаңыз;

қажет болған жағдайда жол және кіреберіс нұсқаларын түсіндіріңіз.

Газды жабыңыз.

Бөлмені токтан ажыратыңыз.

Түтін басқан бөлмелерден адамдарды көшеге шығарыңыз.

Терезелер мен есіктерді жабыңыз.

Өрттің таралуы туралы көршілерге хабарлаңыз. Өрекеттер дүрбелең тудырмауы керек.

Адамдарды бөлмеден шығарып, ықтимал эвакуациялау туралы ескерту қажет. Егер кіреберісте автоматты өрт қауіпсіздігі жүйесі орнатылған болса, үйдің барлық тұрғындарын хабардар етуді жылдамдату үшін оның іске қосылуын қамтамасыз етіңіз.

Егер жану ауқымы отты өз бетінше

жеңуге мүмкіндік берсе, өртті өз күшіңізбен сөндіруге әрекет жасай аласыз. Ол үшін қол жетімді өрт сөндіру құралдарын: өрт сөндіргіштерді, өрт крандарын, су құбырынан алынған суды, мақта көрпені пайдалану қажет.

Тұрмыстық электр аспаптары жанған кезде ашаны розеткадан шығарып, оны тоқтан ажырату керек. Егер мұны қауіпсіз ету мүмкін болмаса, Сіз автоматты өшіру немесе электр панеліндегі тығындарды бұрап, өшіруіңіз керек. Газ құбыры болған кезде, әсіресе, егер өрт ас үйде басталса, газ беруді жабу қажет.

**Назар аударыңыз!** Егер жағдай бақылаудан шықса, бөлмеден шығыңыз! Мүмкіндігінше барлық терезелерді және міндетті түрде кіреберіс есікті жабыңыз. Бұл оттегінің ағынын баялатады және өрттің тез таралуына жол бермейді.

## Е.ТУРСУНОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

# Газ құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелері

Бүгінде үйлердегі газдандыру ешкімді таң қалдыруы екіталай. Бірақ әдет жаман қызмет етуі мүмкін.

Үй газы екі түрлі болуы мүмкін: МЕТАН (сіздің плитаңызға магистральдық құбыр арқылы өтетін) және ПРОПАН/БУТАН (ол қызыл және сары баллондарда әкелінеді). Оларды кез келген адам ажырата алады. Олардың ағып кетуін анықтау үшін газға жағымсыз иісі бар зат қосылады. Ол газбен байланысты.

## БІЛУ МАҢЫЗДЫ:

· Метан ауадан жеңіл және жоғары қарай ұмтылады.

· Баллон газы ауыр — ол төменде жиналады, егер жарықтар болса, еден астына енеді.

Егер баллоннан ағып кету пайда болса, мысалы, жертелелер мен жер асты сулары жиі болатын тұрғын үйде — ағып кетсін және аз болсын, газдың жиналуы мүмкін және бір сәтте коммутатордан бір кішкентай ұшқын апат үшін жеткілікті болады. Егер сіздің жертеленізде электр қуаты болмаса, сіз жай ғана газбен дем ала аласыз. Статистика мәлімдегендей, газбен болған барлық оқиғалардың басты себебі-белгіленген қауіпсіздік нормаларына немқұрайлылық пен немқұрайлылық. **Есіңізде болсын:**

1. Газ аспаптарын жағу алдында және жану кезінде желдеткішті немесе терезені ашып немесе мәжбүрлі желдету жүйесін қосып, бөлмені желдетіңіз.

2. Тұтану алдында түтін арналарындағы тартылыстарды тексеріңіз, оны жану кезінде мезгіл-мезгіл жасаңыз.

3. Бірақ, газ құралдарын қараусыз қалдырмаңыз.

4. Жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз!

5. Газ жабдығын құрастырмаңыз, тасымалдамаңыз және жөндемеңіз! Бұл өте қауіпті және жарылысқа әкелуі мүмкін.

## РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## Табиғат

Ормандағы өрт табиғат апаты десек те, оның себебі мен салдары көп жағдайда қауіпсіздікті сақтамағандықтан болатыны сөзсіз.

Көп жағдайда жарылыстар улы заттардың жиналуы немесе адамдардың өрт ережелерін сақтамағандықтарынан болуы мүмкін. Бұған тағы да орман өрттерінің шығу себебін қосуға болады.

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Жекелеген тұрғындардың немесе орман жұмысшыларының бұл мәселеге үнемі бейқамдық танытатыны өкінішті. Сондықтан, өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі - бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың сызбасы жасалады.

# ОРМАНДАҒЫ ӨРТ: ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар жатады. Орман өрттерінің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: төселе жанатын, шарпи жанатын және дауылды өрттер. Әр өрттің жану жолы әртүрлі деңгейде қарастырылады. Орман өрттерінің алдын алу шараларының ең маңыздысы – қолдан жасалған өртті азайту.

Ормандағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе, орманның ішінде өрттің көзі жоқ. Рас, орманның жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өртті орманға негізінен адамдар әкеледі.

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан, оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет. Орман өрті жедел өтеді және тез таралады. Қалың ағаш ішіндегі өрт минутына 3-4 метр жылдамдықпен таралып, 10-14 сағатта үлкен аумақты шарпиды. Оның ішіне кіру де, өрт сөндіру техникаларын енгізу де – қиын шаруа.

Кез келген апатты жағдайда тұрғындарды қорғау шаралары қаралады. Өртпен күресуге балаларды және жеткіншектерді, екіқабат



әйелдерді және бала емізетін аналарды қатыстыруға тыйым салынады. Апат аймағында әкімшілік басқармасының ерекше заңдары әрекет етеді. Осы заңдар барлық күштерді және техниканы өртті сөндіруге қолдануға рұқсат етеді.

Елді мекенге тақалған өртті тоқтата алмаған жағдайда мемлекеттік қызмет адамды, мүлікті және малды қалай

қорғау керектігін, не істеу қажеттігін, ал қажетті жағдайда эвакуациялау туралы алдын ала хабарлайды.

## А.НУРГОЖАНОВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалы Аманбектер орманшылығының орманшысы.



# «Ашық есік» күні аясында

Сарқан қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияның іргетасы 1928 жылы қаланған. Ұлттық білім ордасы шәкірттерді білім нәрімен сусындатын тәрбие ошағына айналды. Осы жылдар ішінде талай шәкірттің қанатын қатайтып ұшырған қара шаңыраққа биыл 96 жыл.

Биылғы 2023-2024 оқу жылынан бастап мектебімізді Білім беруді тұрақтандыру қоры, «Қазақстан халқына» қоры және «Назарбаев зияткерлік мектептері» Акционерлік қоғамы «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етті.

Қордың қайырымдылық бағдарламасының мақсаты - білім сапасын көтеру және қолайлы білім беру ортасын құру.

Қазіргі таңда мектебімізде 811 бала білім алуда. Білім беру мен тәрбиелеу қоры қаржы бөлу нәтижесінде 41 оқу кабинеті толығымен қайта жабдықталды. Шеберхана, сондай-ақ STEM-зертхана, АРТ-студия, би залы, музыка кабинеті, кітапхана және теле-студия жаңартылды.

Мектебімізге берілген жаңа технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін көрсету мақсатында жуырда мектеп - гимназия директоры Жекен Бершимбекованың басшылығымен «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, қонақтар шақырылды. Салтанатты іс-шара қонақтарды шашу шашып, қарсы алумен басталды. Қонақтарға жаңадан жабдықталған кабинеттерді мектеп-гимназия директоры аралатып, әр кабинеттің ерекшелігімен пән мұғалімдері таныстырып өтті.

Атап айтсақ, физика, химия, биология кабинеттерінде пән мұғалімдері оқушылармен бірге зертханалық жұмыс құрылғыларымен қалай жұмыс жасау керектігін көрсетсе, музыка кабинетінде оқушылар әр түрлі аспаптарды қолданып, өз өнерлерін паш етті. Со-



нымен қатар көркем еңбек кабинетінде қыздар қазақтың ұлттық ою өрнектерін пайдалана отырып, бөстек тігу, тоқыма тоқу, жеке ас бөлмесінде арналған заттарды дұрыс қолдану арқылы аспаздық өнерлерін көрсетсе, ал ұлдар тобы ағаш жону білдегінде ағашты жұмырлап, жону әдістерін меңгере отырып, электрлі – қыл арасымен әр түрлі үлгідегі бұйымдар кесіп, жасады. АРТ-студия, би залында оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тамашалады. Информатика пән мұғалімі STEM технологиялар негізінде эко энергия көздерінің моделін қолдану жолдарын түсіндірді.

Келесі кезек қонақтарға арналған концерттік іс-шарамен жалғасып, мектеп ұстаздары мен оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. Мектебіміздің директоры Жекен Сайлауевнаға сөз беріліп, жаңа өзгерістер туралы баяндап өтті.

Сарқан өңіріндегі 31 мектептің бірі - Абай атындағы мектеп-гимназия. Мектебіміз барлық талап етілетін стандартқа сай келмеген. Алайда соңғы уақытта біз еуропалық стандартқа сай мектеп болдық. Ең басты өзгеріс жиһазда емес, оқу процесінің өзі өзгерді. Оқушылар берілген материалдық және техникалық құрал-жабдықтарға жауапкершілікпен қарап, осы мек-

тепте оқитындарын мақтанышпен қабылдады. Бұл оқу үшін ең жақсы мотивация. Мұғалімдерге химия, физика, жаратылыстану сабақтарында демонстрациялар өткізуге ерекше мүмкіндік берілді. Негізгі кабинеттерге берілген жабдықтар арқылы зертханалық жұмыстарды жүргізуге үлкен жағдай жасалды. Мұндай жұмыстар арқылы оқушылар ізденіс үстінде болып, заңдылықтарды түсіне отырып, өз беттерінше зерханалық жұмыстар жасай алады. Мектепте химия кабинеті соңғы рет 2003 жылы жабдықталған. Тәжірибе жасау мен зертханалық жұмыстарды жасауға ешқандай химиялық заттар қалмағаны анық. Кабинетке келген түсіндірме сызбалар мен реакция теңдеулерін көрсету арқылы мұғалімдер мен оқушылар зертханалық жұмыстарды орындау арқылы білімдерін нығайтуда. Химия өте күрделі пән болғанымен, біртіндеп қызықты әрі түсінікті пәнге айналуға.

Қаржылық көмек қана емес, сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін арттыру да ойластырылғаны қуантады. Біздің мұғалімдердің НЗМ-ге барып, пән мұғалімдерімен өзара тәжірибе алмасуы оқу процесінің жақсаруына өз ықпалын тигізді. Бұл мұғалімдердің кәсіпқойлық деңгейінің артуы әр ұстаздың өз мәселелерін анықтауға

және әкімшіліктің қадағалауынсыз дамуға мүмкіндік берді. НЗМ мұғалімдері мектебімізге келіп, пән мұғалімдерінің сабағына қатысып, көмек көрсетті. Оқушылардың білім сапасын бақылау мақсатында әр тоқсан сайын мониторинг жасалып отырады. Мұндай өзара әрекеттестік өзін-өзі бағалауды арттырып, өзгеруге деген ұмтылысқа жетелейді.

Оқушыларға эксперименттік тапсырмалар беру, олардың қызығушылығын арттыруда. Сонымен бірге мұғалімдер сабақта ғылыми жұмысқа қабілетті балаларды анықтау сияқты мақсат қоя отырып, тапсырмаларды саралауға кірісті. Биылғы оқу жылының өзінде республикалық «Дарын» ғылыми жобалар байқауына қатысуға 8, «Зерде» байқауына 5 жоба келіп түсті. Балалардың еркін түрде білім алуын қолдау, көптеген байқауларға қатыстырып, жетістікке жететінімізге сенімдімін. Білімге жұмсалған қаржы – ең қайтарымды инвестиция.

Салтанатты кеш соңында келген қонақтарға сөз беріліп, өз пікірлерін білдірді. Мектебіміздің зейнеткер ұстаздары көптеген өзгерістерді көріп, игі тілектерін жеткізді.

**А.МАЛАЕВА,**  
Абай атындағы мектеп-гимназия мұғалімі.



## Балабақша Наурызы

Наурыз – көнеден келе жатқан мереке. Қыстан аман шыққан халық Наурызды асыға күтеді. Барлық қуаныш пен жақсылықтың бастауы болсын деп, тілек білдіріп жатады. Наурыз мерекесінен К.Ушинский атындағы «Балдәурен» балабақшасы да балалар да шет қалмады. Ұлық мерекені балабақшадан атап өтудегі басты мақсат – салт-дәстүр, Наурыз құндылықтарын дәріптеу. Бұл бала тәрбиесіндегі басты қағида.

Осындай игі шара бүгінде Жетісу облысы Сарқан ауданы К.Ушинский атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен КММ-нің «Балдәурен» шағын орталығының орыс тобында өткізілді.

Бұл дәстүрлі шараны тәрбиеші Гүлжан Серікжанқызы өте жоғары деңгейде өткізді. Шағын орталықтың кішкентай бүлдіршіндері ою-өрнектеп тігілген, көздің жауын алатын киімдерді тігіп, ән салып, ұлттық ойындар қызу мен асық ойнаудан өнерлерін көрсетіп, көрермендерді таң қалдырды. Тәрбиеші «Тұсау кесер» рәсімін көрсетіп, мерекенің шырайын келтірді. Ата-аналар балабақша ұжымына, тәрбиеші Гүлжан Серікжанқызына алғысын айтып, кішкентай бүлдіршіндерді ақ тілектерін айтып құттықтады. Мерекеге келген ата-аналар дән риза болып, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

**Мадина АЙТОВА.**  
Ата-ана.

## Армысың, Әз-Наурыз

«Наурыз мейрамын» тойлау шеңберінде Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінде «Армысың, Әз Наурыз» атты аудан бойынша қызмет алатын балаларға арналған наурыз мерекесі өтті. Сондай-ақ бұл мерекелік шараға ата-аналар, әлеуметтік қызметкерлер, бөлім қызметкерлері қатысты. Мерекелік шара бөлім басшысы Нұржан Әділованың құттықтау сөзімен басталды.



Шара барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрі «Тұсау кесер» рәсімі көрсетіліп, Қыдыр атаның ақ батасын алған балалар, ары қарай қызықты ойындар ойнап, би алаңында «Қара жорға», «Қамажай» биін билеп, көтеріңкі көңіл-күймен қазақтың Жаңа жылын қарсы алды. Сонымен қатар ата-аналарға сый құрмет көрсетіліп, наурыз дастарханы жайылып, концерт тамашалауға барынша жағдай жасалды. Мерекелік іс-шара соңында барлық қатысқан балаларға бөлім басшысының мадақтама қағазы табыс етілді.

**Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі.**



# Ұлыстың ұлы күні ұлықталды

Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен». Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылып жатыр.

Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады. Биыл елімізде мерекеге демалыс күндері жалғасып, қазақстандықтар Наурыз мейрамын бес күн бойы атап өтуде. Кеше еліміздің түкпір-түкпірінде Наурыз мейрамын атап өтудің мерекелік шаралары басталып та кетті. Айта кетсем Н.Островский ат.МЛ. ата-аналармен, "Аяулыана", "Қамқорәке" ұйымдарының қатысуымен Наурыз мерекесінің он



күндік берілген тақырыптарға сай "Шаңырақ күні", "Ұлттық киім күні", "Алғыс айту күні", "Аналар күні", "Көрісу күні" ұлттық ойындар ойнатылып маз мейрам болып жатқан жайымызды мақтанышпен айтқымыз келеді. Даналық мектеп жұмысы бойынша Серкебай атамиз ақ батасын берсе, Қамқоршы кеңес төрайымы Бану апамыз бесікке бала бөлеудің салт дәстүрін көрсетті. Өр сыныптан белсенді ата-әже, ана-әкелер, аға-жеңгелер баршасы қуана атсалысып жатқан жәйі бар. Ұлыстың ұлы күні Наурыз құтты болсын, істеген істеріміз оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

**Е.БИЛЕШБАЙ,**  
**Н.Островский атындағы мектеп - лицейінің аяулы ана ұйымының мүшесі.**

## Басты міндет – халыққа сапалы қызмет көрсету



Еліміздің дамуы қажырлы еңбек пен сапалы қызметті талап етеді. Осыған орай, әр істе сапалы қызмет көрсету – еліміздің жарқын болашағына деген нық қадам. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтеріміз күннен-күнге дамып, қарапайым халыққа қолжетімді және тиімді бола түсті. Тұрғындардың көрсетілетін қызметтер туралы толық мәлімет алуына қолжетімділігі артты.

Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жоғары сапалы мемлекеттік қызмет алуға барлығының бірдей қол жеткізуі. Осы арада мемлекеттік қызметтерді, электрондық анықтамаларды, құжаттарды бірнеше цифрлық құралдар арқылы алу сервистері қолжетімді. Атап айтсақ, «Электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде, «eGov Mobile» мобильдік қосымшасы арқылы кез-келген анықтама түрлерін алуға үлкен мүмкіндіктер туғаны бәрімізге мәлім.

Шатырбай ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетуді халық арасында танымал ету бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкелері өткізілді, ақпараттық буклеттер таратылды, Шатырбай орта мектебінде, өкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ашылып, жұмыстар жүргізілуде, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды алуға барлық мүмкіндіктер жасалуда. Аталған іс-шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту болып табылады.

**А.БАБЫКОВА,**  
**Шатырбай ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы.**

**Шығыс халықтарының арасында кеңінен тараған мейрамдардың бірі – Наурыз. Наурыз парсы тілінен аударғанда «нау» – жаңа, «рыз» – күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз – күн мен түннің теңелген күні. Халқымыз Наурызды – «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп ерекше тойлайды. Наурыз – бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмайды. Берекелі мереке Сарқан қаласындағы «Балдырған» бала-бақшасында да ерекше аталып өтті.**

«Балауса» ортаңғы балалар тобының тәрбиешілері Тілеужанова Сабира Шолпанқызы, Тұрысбек Алина Көркенқызының ұйымдастыруымен өткен іс-шарада топ бүлдіршіндері ою-өрнектермен тігілген, көздің жау-



## Берекелі мереке балабақшада

ын алатын киімдер киіп, бар өнерлерін ортаға салды. Ұлық мерекеде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеген бүлдіршіндер наурыз мерекесіне арналған түрлі тақпақтарды мәнерлеп жатқа айтса, енді бірі тамылжытып ән салды, биін билеп, ұлттық ойындарды да ойнады. Сонымен қатар өнерлі тәрбиешілер Тілеужанова Сабира Шолпанқызы, Тұрысбек Алина Көркенқызы балалармен бірге қазақ

салт-дәстүрлерінен көрініс көрсетіп, мерекенің шырайын келтірді. Мереке соңында балабақша меңгерушісі Дармишова Эльмира Ергалиевна іс-шараның ұйымдастырушылары мен кішкентай бүлдіршіндерге ақ тілегін айтып, мерекемен құттықтады.

**Жадыра ХАМЗА,**  
**«Балауса» ортаңғы балалар тобының ата-анасы.**

## Кәкілжан Қазыбаев атындағы орта мектептің 4 сынып оқушыларының шығармашылығынан

**Жетекшісі Р.Дубекова**

### Ата-ананың қадірін біл

Дана халқымыз «Ата- анаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деген. Ата – ана әрбір адамның қайтіп соғар қазығы. Оған деген сүйіспеншілік тек жүректен шығуы тиіс. Әсіресе, мейірімнің көусар бұлағы- ана есіміне тең келер дүниеде ештеңе жоқ.

Халқымыздың ұғымында баланың ата - ана алдындағы парызын өтеуі «Ана сүтін ақтау» деп аталады, «Әкеге бағыну-тәңірге бағыну» деп әкені де қадір тұтқан. Ендеше, адам өмірінің мәні мен сұлулығы адамның болашағына деген сенімділік баланың ата-анасын қадір тұтып өзінің перзентік парызын бір сәтке де есінен шығармауында. Ата-ана әрқайсымыз үшін дүниедегі ең қымбат, жақын адамдар. Өйткені, олар біздің туған кезімізден бастап жанымыз да жүріп, қамқорлық жасап, қолындағы бәрін бізге береді, үлкен өмірге қолдау көрсетіп әр кез қорған болады.

**Айым НҮСІП.**

### Асыл ана

-Тамақ іштің бе, балам? -деп  
Айтар жалғыз адам.  
Мен үшін уайымдаған  
Ол менің асыл Анам.  
Мені өмірге жолдаған,  
Әр ісімді қолдаған.  
Өмірдегі тірекшім  
Тең келер жан жоқ саған!

**Али ҚАРАҒАЙ.**

### Қазақ елім

Әр адамның өмірінде туған елінің алар орны зор.Себебі, ол жерде адам шырылдап дүние есігін ашты, алғашқы қадамдарын басты, білім алды, ер жетіп азамат атанады. Халқымыз "Әркімнің туған жері - Мысыр шаһары" дегендей, оның әр тау-тасы, өзен-көлі мен нуттоғайы жанына ең жақын, ең ыстық Алтын Ордасы. Ел басына күн туған зар заман кезеңдерде де ата-бабаларымыз туған жердің топырағын бір иіскеу үшін айшылық жерден ат артып келген. Ал,

енді біреулері, керісінше туған жерін тастап шет елге асыға кетеді. Осындай кезде "Өз үйім-өлең төсегім" дегенді ұмытпау керек.

Қазыбек би  
"Алтын ұяң-Отан қымбат,  
Туып өскен елің қымбат,  
Кіндік кескен жерің қымбат"- деп туған жердің қасиетін текке ерекше бағаламаған. Сондықтан әрқайсымыз Отанымызды ардақ тұтып, оның тарихын жете білуіміз керек.

Өзге елдермен тату, дамыған елу елдің ішінде «Қазақ» аты мен салт-дәстүрімізді дәріптеп биік желестерден көрініп жетістіктерге жету жолындамыз. Мен өз елімді мақтан етемін!

**Қажынұр ҚАБЫЛҚАҚ.**

### Тіл - татулық белгісі

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, қасиеті шексіз. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, дариды. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Атадан мирас болып отыра-

тын баға жетпес мұрасы. Демек, әр адам ана тілін көзінің нұрындай қорғауы тиіс. Мемлекеттік тіл тәуелсіздік ұғымымен тікелей байланысты, яғни бабалардан аманат болып келе жатқан күмбезді тілімізді саф күйінде келер ұрпаққа жеткізу біздің заманымыздың үлесінде.

Тілдің тағдыры - елдің тағдыры, ол тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор.

Бір шаңырақ астында жарасымды тіршілік кешіп жатқан түрлі этнос өкілдері қазақ тілін жаппай меңгеруге күш салса, "Бір ұлт- бір ел" ұстанымы жүзеге асқан болар еді. Біз күнделікті өмірімізді ұшқыр оймен, жылы жүзбен, қасиетті тілімізбен бір-бірімізге қанатты сөз сыйлап, тәуелсіз еліміздің туы мен салт-дәстүрін, тілін, ұлттық құндылықтарымызды сақтай білуіміз керек. Тіл- татулық тірегіне айналсын!

**Аруна ИБРАГИМ.**



# Қазақ музыкасының классигі

Биыл атақты композитор, КСРО халық артисі, Жетісудың тумасы Мұқан Төлебаевтың туғанына 111 жыл толып отыр.

Ағымдағы жылдың 13 наурызында М.Төлебаевтың мемориалды музейінде композитор, КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұқан Төлебаевтың 111 жылдық мерейтойына орай «Өнер әлеміндегі жарық жұлдыз» атты мәдени шара өтті.

Шара мақсаты аса көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың иісі қазаққа қалдырған ұлы мұрасына құрмет көрсету. Оның дүниежүзілік музыка өнеріндегі орасан зор рөлін насихаттау болып табылды. Шарамыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Тәуелсіз Республикамыздың гимні 2006 жылдың 7 қаңтарынан бастап өзгерістер енгізілгеннен кейін мемлекеттік мәртебеге ие болу дәрежесіне жетті. Дегенмен келер ұрпақтың аталған туындының мемлекетіміздің екінші гимні екенін біреуі білсе, біреуі біле бермейді.

Еліміз тәуелсіздігін енді алған кезеңде



қазақтардың бірнеше ұрпақтарының көпғасырлық арманы — азаттық пен зайырлылықты бейнелейтін әнұранын әзірлеу қажеттігі туындады. Осыған орай 1992 жылы мемлекеттік гимнің мәтіні мен әніне конкурс жарияланған еді. Комиссия іріктеуіне барлығы 750 жоба келіп түскенімен, байқауда төрт белгілі ақындар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаевалардың сөзіне жазылған Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамидидің әні жеңіске жетті.

Осылайша еліміздің тұңғыш гимні 1992 жылдың 4 маусымында бекітіліп, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихынан өзіндік орнын алған еді. Міне, осы әннің авторларының бірі аса көрнекті композитор, КСРО халық әртісі, қазақ совет музыкасының көрнекті қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтың (1913-1960) туғанына 111 жыл толып отыр. Ол ұзақ болмағанымен, шығармашылық айшықты өмір сүрді. Мұқанның қазақтың замана музыкасының озық үлгісі ретінде халқымызға мұра боп

қалған көптеген шығармалары қазақтың ұлттық классикалық музыкасының қалыптасуына берік негіз болды.

Композитор Мұқан Төлебаевтың 111 жылдығына орай ұйымдастырылған шара «Өнер әлеміндегі жарық жұлдыз» атты әдеби-сазды бағдарламасымен басталды. Әдеби-сазды бағдарламаның шымылдығы Ушинский атындағы орта мектептің оқушыларының орындауындағы «Кестелі орамал» әнімен ашылды. Сонымен қатар көрермен назарына музыка пәнінің оқытушысы Баянбаев Серіктің орындауында «Тос, мені тос», Лепсі ауылдық «Наурыз» әжелер ансамблінің жетекшісі Сыздықбаева Мәрияштың орындауында «Біржан-Сара» операсынан үзінді және «Әз аға» әндері орындалды. №54 және Ушинский атындағы орта мектеп оқушылары Мұқан Төлебаевқа арналған арнау өлеңдерін орындап, композитор шығармаларын орындады. Соңынан қатысушыларға алғыс хаттар табысталып, марапаттар берілді.

**С.ДЖАПАРОВ,**  
М.Төлебаевтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

## Өрт қауіпсіздік шараларына басты назар

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен аумаққа таралып кетеді. Ауа райының ыстық кездерінде, егер жауын-шашын болмаса, ормандар құрғап, кез келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Орман өрті — үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Соны біле тұра оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажеттігін естен шығарады. Жаз айларында өрт жиі орын алатындықтан, ол алдымен елді-мекенге көптеген шығындар келтіреді. Орман шаруашылығының қызметкерлері орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейтінін біледі. Өрт алдымен айналасындағы бірнеше шақырым жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Бау — бақша егу мақсатындағы егістік жерлерге де зиянын тигізеді. Сондықтан, өрт қауіпсіздігі шараларына аса мән беру қажет.

Ауыл адамдарын, келген қонақтар мен демалушыларды Табиғат ана сыйлаған асыл мұра — орманымызды сақтауға шақырамыз!

**А.ӘМІРТАЙ,**

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының орман шебері.

## Қазынамызды көз қарашығындай қорғайық!

Ормандар тіршілік үшін өте маңызды. Олар таза ауамен, баспанамен, азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, адамзатқа қажетті қызметтерді ұсынады, табиғи апаттардан қорғайды. Орман көптеген өсімдіктер мен жануарлардың мекені. Сонымен қатар, ормандар көміртекті сіңіру мен жер шарындағы температураны реттеу арқылы климаттың өзгеруіне қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Табиғат пен орман қорының басты жауы ретінде орман өрттерін айтуға болады. Ормандар жоғалған сайын шөлейттену процестері дамып, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасы ғайып болады. Орман-дәріхана, тамақ пен шикізат көзі. Бұл біздің байлығымыз бен ұлттық қазынамыз. Орманды қорғайық!

**А.ЖУМУРОВ,**

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының №1 айналымының орман күтушісі.

## Үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді

Өрт қауіпі бар кезең-бұл қар жамылғысы еріген күннен бастап және оның көктемде еру іздері, күздің тұрақты жаңбырлы ауа-райы белгіленгенге дейін немесе қар жамылғысы пайда болғанға дейінгі кезең. Өрт қауіпті кезең басталғанға дейін "Бөрлітөбе орман шаруашылығы" КММ қызметкерлері үгіт-түсіндіру іс-шараларын жүргізеді: ауылдық округтерде, мектептерде, шаруа қожалықтарында ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша дәрістер мен әңгімелер өткізеді, парақшалар, плакаттар және басқа да үгіт-түсіндіру материалдары таратылады. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны және орманның қалдықтармен бітелгені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын еске салған жөн!

**Б.ТЕЗЕКБАЙ,**

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының №2 айналымының орман күтушісі.

## Орманды өрттен қорғайық!

Орманшылар үшін табиғаттың тазалығы аса маңызды. Жаз айларында орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Тілсіз жаудың алдын алу мақсатында орманшылық бойынша өрт қауіпсіздігі маусымын өткізу жоспары белгіленді.

Сарқан ауданы Екіаша, Аманбектер ауылдық округтерінің аумақтарында орманды өрттен қорғау бойынша тәжірибелік оқулар жиі өтіп тұрады. Жалпы, орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі «Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалындағы 134075 га аумақта 50-ге жуық мемлекеттік инспектор бекітілген жұмыстарын атқаруда. Осы ретте әрбір орманшы өрт сөндіруге арналған құралдар әзірлеп қойды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Сарқан филиалында орманды күтіп-баптау жұмыстарының сапасы артты. Ауыл тұрғындарының, қаладан келген қонақтардың далада заңсыз ағаш кесу, орман заңдылығын бұзу әрекеттері азайды. Мысалы, қоқыстарды қадағалаусыз қалдыру, демалушылар, малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртінің шығуына себеп болатын жағдайларға ескерту жасалды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін, орман заңдылықтарын сақтау, жануарлар әлемін қорғау жөніндегі тақырыптарға бильбордтардан жасалған үгіт белгілері орнатылды. Ормандар маңайына өрт тоқтату тұрақтары жасалды. Жасыратыны жоқ, орман өрттерінің көбісі орманда демалғысы келетін адамдардың әрекетінен және шөп шабу науқаны кезіндегі техника иелерінің жауапсыздығынан орын алады. Оның үстіне орман-тоғайларда өткен жылғы шөптер құрап, ауа райы ысып, өрт қауіптілігі орын алып жатады. Әсіресе, жеке шаруа қожалықтары көктемгі егіндіктің орнын дайындап, мал жайылымын тазартамыз деп, өткен жылдан қалған шөптерді өртейді. Осындай әрекеттерден орман өрті өршуі мүмкін екенін ескертіп өткен жөн. Демалыс орындары мен орман аумақтарына барғандар тіршілік иелеріне ұқыптылықпен қараса, экологиямыз да таза болады. Сұлу табиғатымыздың адамзатқа берері әлі көп. Ал, ормандағы жасыл желектің қиылуына жол бермей, өрттен сақтау — орманшылардың басты міндеті. Сондай-ақ, бұл жалпыхалықтық іс болып табылады. Ендеше, табиғатымызды өрттен қорғайық.

**А.ЕСИМБЕКОВ,**

Сарқан филиалының ОӘСС басшысы.

## Табиғатымызды тілсіз жаудан сақтайық!

Орман өрті адамның денсаулығына, қоршаған ортаға зиян. Ол ағаштар мен өсімдіктерді ғана бүлдірмейді, сонымен қатар жануарлар мен құстарды да жойып жібереді. Орман адамзаттың байлығы, тіршілік көзі.

Қазақстан орман тапшы аймақтарға жатады. Сондықтан, Республикамыздағы ең басты міндет орманымызды өрттен сақтау, тиімді пайдалану. "Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" атқаратын қызметі өте жоғары деуге болады. Тілсіз жаудың табан астына қалмауы үшін "Жоңғар Алатау МҰТП" РММ Сарқан филиалында қызмет ететін мамандар ауылдық округ әкімдерімен және ауданның төтенше жағдай бөлімдерімен тығыз жұмыс жасайды. Өрт қауіпі жағдайын түсіндіру мақсатында Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторларына оқу жаттығу сабақтары жүргізіп алдын-ала дайындау іс-шаралары жүргізіледі. Өрт қауіпі бар маусымға дайындық барысында мемлекеттік инспекторлар ерікті өрт сөндіру жасақтарын құрып, іс-шараларын атқарады.

Орман өрттері төменгі, жоғарғы және жер асты болып үшке бөлінеді. Кең таралған түрі төменгі орман өрттері, түтін түсі- ашық сұр болады. Егер жақын жерде су болмаса оны топырақпен көму қажет. От шоқтары әбден сөніп болғанша, кезекшілік қойып, қасынан кетпеу керек.

Тұрғындар демалатын орындарда профилактикалық әңгімелер жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы үндеу парақтарын тарату сияқты табиғи паркімізде іс-шаралар жалғасуда. Өрттен сақтана отырып, жол бермеуге атсалысып, табиғатымызды тілсіз жаудан қорғайық.

**Т.ТАЙЖАКОВ,**

Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторы.





# От ранних скринингов до реабилитационных программ

как повлияла система ОСМС на организацию медицинской помощи талдыкорганцам

ла расширить перечень заболеваний, при которых полагается льготное обеспечение лекарственными средствами и медицинскими изделиями.

**- Расскажите о роли городской поликлиники в поддержке общественного здоровья?**

- Талдыкорганская городская поликлиника №2 оказывает первичную медико-санитарную, консультативно-диагностическую и стационарозамещающую помощь взрослому и детскому населению областного центра и села Еркін. Количество прикрепленного населения составляет свыше 61 тысячи человек, при этом в 2024 году прибыло 3531 человек по сравнению с началом 2023 года, что говорит о высоком приоритете ценности здоровья пациента и качеству обслуживания, что вызвало приток населения. В поликлинике работают специалисты для взрослого и детского населения: хирург, невропатолог, кардиолог, отоларинголог, офтальмолог, травматолог, реабилитолог, эндокринолог, акушер-гинеколог, маммолог, онколог. Оказываются клиничко-диагностические услуги по рентгенодиагностике, КТ, УЗИ, ЭКГ, ЭЭГ, ЭхоКГ, лабораторные анализы. В случае отсутствия в поликлинике пациенты, являющиеся участниками ОСМС как плательщики либо входящие в льготную категорию по показаниям могут быть направлены в другие медицинские организации на необходимые обследования. Только по внешним направлениям по ОСМС оказано более 47 тысяч дорогостоящих инструментальных и лабораторных клиничко-диагностических услуг в 2023 году. В нашей поликлинике на диспансерном учете состоят свыше 15 000 пациента по всем заболеваниям. Из них более 5 500 пациента подлежат льготному обеспечению лекарствами и получают все необходимое без трудностей.

**- Увеличилось ли количество обращений в поликлинику с внедрением ОСМС? Стали ли граждане относиться ответственнее к своему здоровью?**

- Количество обращений в поликлинику увеличилось, но это связано с тем, что у людей правильно возникают вопросы и при личном собеседовании большинство благоприятно относятся к необходимости уплаты взносов, чтобы стать участником ОСМС, оплачивают за себя и за своих родственников. Тем же кто не может оплачивать, даются разъяснения как включиться в льготную категорию. Не все конечно, но в целом граждане стали ответственнее относиться к своему здоровью, по приглашению благодаря участковой системе основная масса своевременно приходит на скрининговые обследования.

**- За какой плановой помощью чаще всего обращаются жители города?**

- Наши прикрепленные жители стали понимать важность прохождения скринингов и в основном своевременно проходят, также в плановом порядке обращаются для динамического наблюдения за хроническими заболеваниями и получением льготных лекарств и медицинских изделий по перечню. Важно своевременно проходить скрининговые обследования для

раннего и своевременного выявления заболеваний, что позволит обойтись меньшими затратами на лечение и способствует благоприятному прогнозу течения заболевания. Поэтому рекомендуем жителям не игнорировать приглашения на скрининги, а своевременно проходить.

**- Расскажите подробнее о профилактике онкологических заболеваний? Как реализована работа «зеленого коридора» в поликлинике?**

- Для своевременного выявления онкозаболеваний согласно Стандарта организации оказания онкологической помощи населению начиная с доврачебного кабинета в случае подозрения на онкозаболевание проставляется «онконастороженность 1», далее на приеме у участкового врача ВОП или терапевта если подозрения усиливаются проставляется «онконастороженность 2», в случае если по лабораторным и инструментальным методам исследования УЗИ или рентгена пациент направляется к онкологу поликлиники, которым проставляется «онконастороженность 3» и направляется в специализированную онкоклиннику «Областную многопрофильную клинику» где пациенту по регистрации в информационной системе «онконастороженность 3» открывается «зеленый коридор» и в течении месяца согласно вышеуказанного Стандарта онкопомощи онкодиагноз либо подтверждается либо снимается. Конечно и в условиях нашей поликлиники «зеленый коридор» открывается в виде ускорения очереди ожидания на консультативно-диагностической услуги. То есть простыми словами смещается очередь на УЗИ, на лабораторные анализы и другие методы исследования. Также отмечаем, что «Онконастороженность 3» могут проставить и другие специалисты поликлиники, в том числе сами участковые врачи ВОП, чтобы пациент не терял время.

**- А в каких случаях пациентам не понадобится статус застрахованности чтобы обращаться в поликлинику?**

- Конституцией Республики Казахстан статья 29 закреплено, что Гражданин Республики вправе получать бесплатно гарантированный объем медицинской помощи, установленный Законом. Другими словами, в острых, экстренных случаях, а также при хронических заболеваниях согласно перечню. Прием участкового врача терапевта, ВОП, педиатра входит в ГОБМП, и пациенты осматриваются независимо от статуса страхования.

**- Какие шаги предпринимаются для повышения качества услуг и улучшения доступности медицинской помощи, привлечения специалистов?**

- Большая проблема для всех медицинских организаций — это проблема дефицита кадров. Конечно, при полном восполнении дефицита врачебных кадров количество жалоб, обращений, очередей уменьшится. Более того при наличии достаточного количества желающих работать врачами появится здоровая конкуренция, прием на работу проводился бы на конкурсной основе, что автоматиче-



ски снизило бы на 90% количество жалоб. Но, к сожалению, имеем, что имеем. Сыграло роль и некоторые непопулярные решения, как закрытие педиатрических факультетов, теперь только в этом году ожидается первый выпуск после восстановления педиатрических факультетов. К тому же несмотря на выраженный дефицит, остается высокой планка баллов ЕНТ для поступления на грант в мед ВУЗы. Хочется отметить в этом направлении вклад акима нашей области Жетісу, который второй год выделяет гранты от областного акимата на 30 мест на бакалавриат по общей медицине (врачей ВОП) и 30 мест в резидентуру для врачей-специалистов, которые вернутся в область для работы. Также в этом году акимом области выделено для привлечения молодых специалистов 5 миллионов тенге подъемных для города и 10 миллионов тенге подъемных для села. Со стороны нашей поликлиники через «Ярмарку вакансий» привлечено из Медицинского университета Астаны 5 специалистов. В плане посещения «Ярмарки вакансий» Медуниверситета имени Асфендиярова города Алматы, Казахстано-Российского медуниверситета города Алматы, также Медуниверситетов городов Семей и Шымкента. Также постоянно публикуются вакансии на сайте «Enbek.kz».

В поликлинике организована Служба поддержки пациента. В состав входят все заместители директора, заведующие структурных подразделений, главная медсестра и выделен штат среднего медработника — ответственная медсестра Службы поддержки пациента. Служба налажена по принципу решения проблем пациентов «здесь и сейчас». На постоянной основе ведется анкетирование пациентов в получении медицинских услуг. Рабочее место ответственной медсестры Службы поддержки пациента расположено открыто, доступно, рядом с регистратурой. Имеется стенд на казахском и русском языках с указанием номера телефона городского и сотового заведующего службой. С сотрудниками поликлиники постоянно проводится работа, проводятся семинары по соблюдению этики и деонтологии. Отмечаем, что за 2023 год опубликованных жалоб в социальных сетях не зарегистрировано. 95% обращений в вышестоящие инстанции отозваны. В данном направлении работа со стороны Службы поддержки пациента постоянно ведется.

**- Спасибо за интервью!**



**Заң және біз**

# БОРЫШКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!



Аудан прокуратурасымен жауапты органдардың жұмыстарын үйлестіру нәтижесімен, алимент төлеу жөніндегі міндеттерін орындамаған берешектері 7 326 397 теңгені құрайтын 2 борышкерге қатысты Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша іс қозғалып, олардың біреуі 1 жыл 6 ай мерзіміне бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды, екіншісіне қатысты іс тергелуде.


Сондай-ақ, алимент төлеу бойынша сот актісін орындамағаны үшін 6 борышкер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабы 1-бөлігімен әкімшілік қамаққа алынып, 3 борышкер әкімшілік айыппұл төледі.

Осы орайда борышкерлер өз міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарап, алиментті уақытылы төлеуге міндетті екендігін, бұл талаптар орындалмаған жағдайда оларға қатысты заңмен әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделгенін ескертеміз!

## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Сарқан ауданының прокуратурасымен кәсіпкерлердің жер телімдеріне қатысты құқықтары қорғалды. Атап айтқанда, Сарқан ауданы әкімдігінің 28.03.2023 жылғы қаулысымен жеке кәсіпкерлер «Медовая Долина» ЖШС мен «Жұлдызды Дала» ЖШС пайдаланудағы жалпы көлемі 6 000 гектар жайылым жер телімдері заңсыз мемлекет пайдасына қайтқан.

Аудан прокуратурасының наразылығының негізінде, заңсыз шығарылған қаулының күші жойылып, кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды.



## Тұрғындар назарына!

«Сарқанирригация» шаруашылық жүргізу құқығындағы су шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, табиғи монополия заңының 25 бабының 10 бөлігін басшылыққа ала отырып, 29 сәуір 2024 жылы сағат 10:00 Сарқан қаласы, Абай көшесі 99 «Сарқанирригация» мекемесінде су пайдаланушылар алдында жиын өткізеді.

**Күн тәртібі:** 2023 жылдың жылдық есеп көрсеткіші бойынша тарифтік сметалардың және инвестициялық жобалардың орындалуы жайында есеп беру.

## К сведению жителей!

ГКПВХ «Сарқанирригация» на основании Закона о естественных монополиях пункта 10 ст. 25 уведомляет о том, что 29 апреля 2024 года в 10:00 часов по адресу: г.Сарқан, улица Абая № 99 в здании ГКПВХ «Сарқанирригация» будет проведена встреча с потребителями поливной воды и заинтересованными лицами.

**Повестка дня:** Отчет по исполнению тарифных смет и инвестиционных программ за 2023г.

## Хабарландыру

«Сарқан су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша Департаменті Республикалық мемлекеттік мекемесімен бекітіп берген 2023 жылдың 29 мамыр айының №35 -НҚ бұйырығы бойынша бекітіп берген тарифтік орындау жобасы негізінде су таратушы желілер арқылы суды беру бойынша **2024 жылдың 25 сәуірінде есеп беру жиналысы өтетінін хабарлаймыз. Мекен-жайы: Сарқан қаласы Қонаев көшесі №1 үй.**

**Чункенов Бекболат Балгабековичтің** атына тіркелген Алмалы ауылдық округінде орналасқан 54,9000 га көлемді жердің № 1520324, кадастрлық нөмірі 03-263-038-781 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

Ораза сөзі араб тілінде саум деп келеді. Тілдік мағынасы «тыйылу» деген мағынаға саяды. Ал діни терминдік мағынасы «арнайы ниет етумен таң атқаннан кеш батқанға дейін ішіп-жеуден және жыныстық қатынастан сақтану» дегенді білдіреді. Ораза нижранның екінші жылында парыз болды, содан бері мұсылман жұртшылығы ауыз бекітіп келеді. Дініміздің тірегі, бес парыздың бірі саналған ораза ең әуелі адамды Алланың ризалығы үшін деп ізгі іс істеуіне бағыттайды. Парыз етілген құлшылықты тек Құдай үшін деп орындауына әкеледі. Себебі пенде бас пайдасын дүниемен ғана есептеп, өзге сауапты істі кейінге қалдыратыны анық. Ал ораза ұстаған адам кеш батқанша өзін

## Оразадан алатын ғибрат қандай?

құлшылыққа арнайды. Бұл ісі оған дүниелік пайда бермегенімен, Жаратушысын риза етуге жетелейді. Біреулер оразаның пайдасын айтып жатса, өзгелер оның зиянын айтып, «ораза емес, диета ұстау керек» деп жатады. Алайда ораза парыз болғандықтан, оның пайда-зиянын емес, Жаратушының бұйрығы екенін ғана есепке алуға үйретеді. Әрине Алла Тағала пендесіне зиянды істі есте бұйырмайды. Оразадан алатын ғибраттың бірі осы болмақ.

Ораза ұстаған адам ең алдымен сабырлы болуды үйренеді. Себебі аштық адамға белгілі

## Есен туған күн, мерекенмен!

Наурыздың 26-сында бала кезден бірге өскен құрбым, Сарқан аудандық кітапханасының директоры **Гүлнар Мұхаметқалиева** 60 жасқа толды.

Гүлнар Мерхатқызы ұзақ жылдар бойы жүрек қалауымен таңдаған кітапханашылық мамандығын адал атқарып, еселі еңбегінің айғағындай кейінгі жылдары аудандық ұжымға басшылық жасап, кәсібилігімен, адамгершілігімен көпшілік құрметіне бөлене білді. Отбасылық өмірі де мағыналы, ер сыйлады, бала тәрбиеледі. Абырой асқарынан төмендемей көпшіліктің, ағайын-туыстың құрметіне бөленді.

Гүлнар Мерхатқызын туған күнімен құттықтап, өмірдегі барлық жақсылықты тілеймін!

Аудандағы барлық іске көшелі,  
Еңбегімен үлес қосқан еселі.  
Құрмет тұтып жатса бүгін айналаң,  
Ол жемісті еңбегіңнің өтеуі.  
Еңбек түбі зейнет болар тұғырлы,  
Нұрлы өмірің бола берсін ғұмырлы.  
Асыл құрбым, құрмет тұтып өзіңді,  
Құттықтаймын туған күнмен бүгінгі.

**Ізгі тілекпен: Ардақ Жапарқызы.**



## Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер - өмір сапасы

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады, өмір сапасы болып табылады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Осы заңды іске асыруда «Мемлекеттік қызмет көрсету» қызметі жайында, ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету - бұл еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуының негізі. Қазіргі таңда заман талабына сай мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып мемлекеттік басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мемлекеттік қызметшілер жұмыс тиімділігінің басты көрсеткіші болады және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде тікелей халыққа сапалы көрсетілуі тиіс.

**А.НҰРПЕЙСОВА,**

**Алмалы ауылдық округі әкім аппаратының бас маманы.**

мын деп жүрген кісі түрлі жаман істерден бойын аулақ ұстайды. Өйткені ұрыс-жанжал мен есек-аяң сөздер оразаны бұзбағанымен сауабын кемітіп, кешке дейін тек аш жүрген адаммен бірдей күйге түсіретінін біледі. Байқағанымыздай, оразаны лайықты түрде ұстаған кісі, көркем мінездің шыңы болып есептелетін сабырлық пен шыдамдылыққа үйренеді. Сол арқылы өзгелермен қарым-қатынасы түзеліп, өмірдің қиындығы мен тағдырдың тауқыметіне төзе білетін кемел жанға айналады. Осы қырынан да үлкен ғибрат аламыз.

**Ғазиз АХМЕТ,**  
**РАНТ мүшесі.**